

Семинар ұсыныстары

1. М. Қозыбаев ат. СҚМУ-дың «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасының аясында «Жаңа гуманитарлық білім» . Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық бағыты бойынша 2019-2024 жылдарға арналған жоспарын іске асыру.

Мерзімі: 2024 жылғы 31 желтоқсан.

Жауаптылар: жоспарға сәйкес.

2. Оқу сабақтарын жүргізу кезінде М. Қозыбаев СҚМУ-дың ғылыми кітапханасының ресурстық базасындағы жаңа оқулықтарды пайдалану:

- баспа әдебиетінің кітапханалық қоры (барлық оқу ғимараттарының абонементтері мен оқу залдары);

- электронды база (университет сайты, «ғылыми кітапхана» бөлімі – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»);

- үнемі қолданыстағы жаңа оқулықтардың көрмесі (302 қаб. №10 оқу корпусының);

- виртуалды кітап көрмесі (университет сайты, «ғылыми кітапхана - Біздің іс – шаралар» бөлімі «Виртуалды кітап көрмелері» - «2019 жылғы кітап көрмелері» - «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»).

Мерзімі: әрдайым.

Жауаптылар: ПОҚ, магистранттар мен вуз студенттері.

3. Университеттің ПОҚ арасындағы «Рухани жаңғыру» жобасы аясында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» тақырыбында ең үздік бейнелекция байқауының бейнематериалдарын университет сайтының «Ғылыми кітапхана» - «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бөлімінде орналастыру.

Мерзімі: 2019 жылғы 12 наурыз.

Жауаптылар: кітапхана директоры, ОМК жетекшісі

4. Университет сайтында «Ғылыми кітапхана» - «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бөліміндегі электронды мәліметтер базасын сілтемелермен, орыс және ағылшын тілдерінде электронды оқулықтармен толтыру.

Мерзімі: әрдайым.

Жауаптылар: ПОҚ, магистранттар мен вуз студенттері.

5. Имплементация алгоритміне сәйкес, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі дәрістерде, практикалық сабақтарда, студенттердің өзіндік жұмыстары кезінде оқу процесіне жаңа оқулықтарды енгізу.

Мерзімі: әрдайым.

Жауаптылар: ПОҚ, магистранттар мен вуз студенттері

6. Оқудан тыс білім беруден бөлек тәрбие жұмысында да жаңа оқулықтардың материалдарын қолдану.

Мерзімі: әрдайым.

Жауаптылар: ПОҚ, вуздың құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері, студенттер, ЖІК.

13.02.2019 ж.

Семинар қатысушылары